



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

нормативно-правовым актом, которым предусмотрены меры борьбы с преступностью, активно применяемые в отношении такого, трудно выявляемого и сложно доказуемого, преступления как взяточничество. Его расследование оптимально и более эффективно проводить с использованием возможностей ОРД, что подтвердил и новый Уголовно-процессуальный кодекс РК, который реализовал следующий шаг в законодательном оформлении путей использования результатов ОРД в доказывании по уголовным делам о взятках.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:

- 1 <http://www.un.org/russian/sg/messages/2008/anticorruptionday.shtrn>
- 2 <http://www.worldbank.org/wbi/governance/pubs/growthgov.html>
3. См. Назарбаев Н.А. «Казахстан – 2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех Казахстанцев» // Казахстанская правда. 1997. 11 октября. Назарбаев Н.А. «Казахстан на пороге нового рывка вперед в своем развитии» // Казахстанская правда. 2006. 2 марта. Назарбаев Н.А. «Новое десятилетие - Новый экономический подъем - Новые возможности Казахстана» // Казахстанская правда. 2010. 30 января. Назарбаев Н.А. «Построим будущее вместе»! // Казахстанская правда. 2011. 29 января. Назарбаев Н.А. «Социальная-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана». Казахстанская правда. 2012. 28 января. Назарбаев Н.А. «Стратегия «Казахстан 2050»: новый политический курс состоявшегося государства». Послание Президента Республики Казахстан – Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана // Казахстанская правда. 2012. 15 декабря.
4. ЗРК от 15.09. 1994 г. №154-III «Об оперативно-розыскной деятельности» // www.zakon.kz

ӘӨЖ 341.44:341.217(4)

ЭКСТРАДИЦИЯЛАУДЫҢ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ТӘРТІБІ: ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ТӘЖІРИБЕСІ

Тукешова Айнур Сатибековна

atukeshova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультетінің 2-курс магистранты, Астана

Ғылыми жетекші – Ж.Бұсұрманов

Бұл мақала Еуропа одағындағы экстрадициялау іс әрекетін зерттеуге арналған. ЕО мүше мемлекеттерінің заңнамасы негізінде экстрадиция алгоритмін құру ұсынылды, ол ұсталғандардың құқықтары мен бостандықтарының қамтамасыз етуін қадағалай отырып, олардың бір мемлекеттен екінші мемлекетке беруді жылдамдатуға мүмкіндік береді.

Еуропалық одақ басқа мемлекетаралық бірігу жолдарында экономикалық саласы шеңберінде оған мүше мемлекеттердің құқықтық жүйесін жақындату жолында жетістікке жету ерекшелігімен бірегей ұйымды білдіреді. Бұның бәрі белгілі квазимемлекеттік сипатқа ие болып жатыр деп айтуға болады, яғни, ЕО үшін жаңа негізін қалайтын Лиссабон келісім шарты бекітілді: ол үш тіректен тұратын бүгінгі жүйені жеңілдетуге бағытталған, тек экономикалық жағы ғана ұлттүстілікке ие болады, ал сыртқы саяси және қылмыстық-құқықты мемлекет-мүше мемлекетаралық мәртебеге аз міндеттейтін.

Дей тұрғанмен, әрине, мемлекет деп ЕО-ты айта алмаймыз. Оған айқын дәлел-оларға орнатылған құқықтық нормаларды орындауға мәжбүрлеудің меншікті құрылғысының жоқтығы. Жоғары құрметті құрылым –ЕО сотының бар болуы-осы жағдайдың мәнін өзгертпейді, өйткені ЕО-тың құқығынан шығатын төреліктерді шешуді ұлттық соттар орындайды. ЕО Соты қатаң айқындалып көрсетілген құзырға ие, оның маңызды функциясы еуропалық құқықтың біркелкілігін түсіндіру, ал сәйкестілігін ұлттық жүйеде мемлекеттің өзі қолдануы керек. Тіпті, қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыратын қандай да бір

жалпыеуропалық ұйымдарды бар деп айтуға келмес. Сонымен қатар, шапшаң-орындау өкілеттігіне ие ұлттық полицияның атқарар функцияларына қарағанда, атынан үміттендіретін «Европол» құрылымы – бұл полиция болып табылмайды. Европолдың атқарар міндеті ұлттық құқық қорғау органдары жұмыстарының тиімділігін жоғарылатумен және мүше мемлекеттердің халықаралық сипаттағы қылмыстың ауыр түрлеріне қарсы күресте ынтымақтастыққа мүмкіндік туғызуымен шектеледі [1, 366]. Бұл оның Ницца шарты қылмыстық істер бойынша сот ұйымдарымен негізгі ынтымастықтағы әділет баламасы деп атаған - Еуроюстке де қатысты болып табылады[2, 29].

Бір жағынан, еуропалық ықпалдасу тұлғалардың, заттардың, қызмет түрлерінің және капиталдың қозғалысына және сонымен бірге ұлтаралық криминалды құрылымдарға [3, 3] тән қылмыстардың: лаңкестік, ұйымдасқан қылмыс, есірткі саудасы және заңсыз қоныс аударудың дамуына жол ашты. Ұлттық құқық қорғау жүйесі, осы өлшемдегі күрделі мәселелердің шешілуі үшін шектеусіз құзырға ие еместігін түсіне отырып, ЕО-қа мүше мемлекеттер өткен ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап сот төрелігі мен ішкі істер саласында біртұтас саясатты жүзеге асыруды қалыптастыруға тырысып келеді. Осының салдарынан, қылмыстық және қылмыстық-процессуальдық құқықты еуропаландыруға болады. Еуропалық қылмыстық құқық феномені мамандармен шындық деп әлдеқашан мойындалса да, бірақ бүгінгі күнде бұл қылмыстық құқық оның ұлттық түсінігінде емес, ЕО-қа мүше мемлекеттердің өз күштерін жоғарыда атап өтілген қылмыстармен күресу үшін әдістер мен күштерді біріктіруге рұқсат берген жиынтық құралы.

Мұндай құралдардың бірі - ЕО деңгейінде ортақ мәндегі сот шешімдерінің қылмыстық ізге түсу үшін өзара мойындалған ұстанымы. Бұл бір мүше мемлекеттің әділет ұйымдарымен қабылданған заңды шешімінің, егер сөз мемлекет ішіндегі шешім туралы болса, яғни басқа формальды әрекеттерінсіз (орнатылған шектеулерге сәйкестікке тексеріс, мақұлдау рәсімінен өту, т.б.) басқа мүше мемлекетте мойындалуы тиіс. [4, 233]Бұл ретте, мүше мемлекеттер олардың қылмыстық әділетіне өзара сенім артады, тіпті оны қолдану өз ұлттық құқықтарынан басқа шешімге әкеліп соқтыратын болса да, әрқайсысы мүше мемлекеттегі қолданылып отырған қылмыстық құқықты мойындайды [5, 439].

Бұл ұстанымның құндылығы, бұның көмегімен құқықтық көмек көрсету жолындағы кездесетін кедергілерді жоюға және соңында шекарааралық қылмыстық ізге түсуді қолайлы атқаруға мүмкіндік туғызады. Сонымен бірге орын ауыстыру еркіндігі қылмыскерлерге шекараны ешқандай кедергісіз кесіп өтуге мүмкіндік береді, өзара келісу ұстанымы сол қылмыстық ізге түсудегі олқылықтардың орнын толтырып, әрине ұлттық шекарада шектелген, еуропалық құқықтық кеңістікке негізделген жол ашуды көздейді[6, 138].

Басқа жағынан қарасақ, өзара келісім ұстанымын жүзеге асыру қосымша құқықтық мәселелердің пайда болуына әкелуі мүмкін. Жақыннан көз жіберсек, тауар мен қызмет түрлерінің еркін қозғалысы үшін жасақталған ұстанымдарды шексіз тасу, қылмыстық-құқықтық саласына қолдану мүмкін еместігі анықталады. Қылмыстық-процессуальдық құқықтың ең негізі мақсаты іс бойынша қылмыстық өндірістің әділетті жүзеге асуын қамтамасыз ету. Өзара келісім ұстаным тетігі ұлттық қылмыстық-құқықтық жүйенің кеңінен сәйкестелуінсіз іске қосылса, бұл адам құқықтарының негізі бұзылуына әкеп соқтырады деп есептеледі [7, 356]. Тауарлар мен қызмет түрлерінің кедергісіз қозғалысы (орын алмасуы) еуропа аймағында экономикалық еркіндікті күнделікті жүзеге асыруға бағытталған, осы уақытта қылмыстық ізге түсудің шеңбері адамдардың бостандығын кәдімгідей шектейді.

2002ж. 13 маусымдағы Кеңестің тұтқындаудың еуропалық ордері туралы Негіздемелік шешімі және оның ұлттық заңнамада қалай орындалатыны туралы сақтанушылық кейбір ЕО-қа мүше-мемлекеттердің қарсылығын туғызды. Мына болған істің кедергілерін, өзара келісім ұстанымын бейтарап «іс жүргізу үлгісінде» тиісті шеңберде қолданылуы соңында туындаған түсініспеушіліктерді жоюға қол жеткізілді, [7, 360] және бірінші рет ТЕО-да іс жүзінде жасалды. Уақытында өзара келісім ұстанымы қылмыстық және азаматтық- құқықтық соттар жүйесінің ең маңызды іргетасы болып саналса, Кеңестің

Негіздемелік шешімі ТЕО-ны «қылмыстық әділет жүйесі ұйымдары шешімінің еркін қозғалысы» үшін ең маңызды іргетасы деп мойындайды [8, 292].

Тұтқындауға берілетін Еуропалық ордер 2004 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданылуда. Ол экстрадициялаудың бұрынғы ұзаққа созылатын рәсімін Еуропа Кеңесінде, Еуроодақ және Шенген аймағы деңгейінде алмастырды. ТЕО-ның маңызы мен құндылығы мынада, егер күдікті немесе соттың шешімімен қылмыскер деп танылған тұлға, жазасын өтеуден қашып шетелде тығылған болса, осы құқықтық құралды негізге алып, істі саясиландырмай және шұғыл түрде, сот істері орындалу үшін елге қайтарылуы мүмкін. ТЕО-ға ең аз дегенде 1 жылға жазаға кесілетін қылмыстар берілуі мүмкін (немесе рецивид 4 ай). Тұлғаны ұстап беру үшін ТЕО-ның бар болуы да жеткілікті, оның ішінде айыпталушының жеке басы мен азаматтығы туралы мәліметтер, берген ұйымның атауы мен мекен жәйі, тұтқындауға берілген ордер мәліметтері, қылмыстың түрі және құқықтық негіздері, заң шығарушы жағдайларды қосып алғанда, ұстап берілетін айыпталушы тұлғаның жасаған қылмыс жағдайларының сипаттамасы, сонымен бірге берілетін мемлекеттің заңнамасында осы қылмысқа тағайындалатын жазаның ең жоғары шарасы көрсетілген.

Бірақ та кейбір мүше-мемлекеттер басқа мемлекеттердің сот шешімдерінің қылмыстық жауапкершілігін ел азаматтары өз аймақтарында өтеу шартын қойды. Бірақ, осы шарт қанағаттандырылғанның өзінде, адам құқығының негізі сақталу мәселесі, әсіресе, Польша, Италия және ерекше Германия сияқты конституциялық адам құқығы стандарты өте жоғары мемлекеттерде аса өткір тұрады.

ТЕО-ның қарсыластары ұстап беру өндірісінде бұрын болған кедергілер – әрекеттерді өзара жазалау мен меншікті азаматтарын бермеу ұстанымы - іс жүзінде оңайлатылады делінеді.

Бір істі екі рет жазалау деп аталатын міндеттілікті жоюға келетін болсақ, біріншіден, оның орны негіздемелік шешімнің әрекет ету аясына кіретін қылмыстарға қатысты ұлттық реттеуді үндестірумен толтырылады. Расында да, ТЕО құжаттың 2.2-бабына сәйкес, терроризм, тұлғаға қарсы зорлық-зомбылық жасау (соның ішінде кісі өлтіру, адам саудасы, балаларды жыныстық қызметтерде қолдану және зорлау), ұйымдасқан қылмыстық топқа қатысу, ақшаның ізін жасыру, алаяқтық, есірткі заттарды тасымалдау, компьютерлік қылмыс, қылмыстық жолмен келген кірістердің ізін жасыру, жалған ақша жасау және тағы басқа бірқатар қылмыстарға қатысты шығарылады. Айта кетсек, 30-дан аса қылмыстық әрекеттердің осы ұзын тізімі өзіне құқықтық мемлекеттерде қылмыстық деп танылатын әрекеттерді қосады [9, 319]. Дегенмен, тізімнен ЕО елдері заңнамаларында әр-түрлі тұжырымдалатын эвтаназия, жасанды түсік жасау, есірткі заттарды сақтау және пайдалану сияқты жағдайлар алынып тасталған [10, 204].

ГФР әділет министрі Б. Ципристің 2005 жылғы шілдедегі ГФР Конституциялық соты отырысында ГФР-дің 2004 жылғы ЕҚА туралы заңын қорғап айтқан сөзінде дәл осы аргумент негізгі уәждерінің бірі болды.

Екіншіден, басқа жағдайларда да өзара жазалау принципі өз күшін сақтайды. Өйткені, 2.2-баптағы тізімге кірмеген қылмыстар үшін де негіздемелік шешімде оны тікелей сақтау туралы талап бар [11, 22]. Бұл талап ТЕО-ны орындайтын мемлекеттер аумағында қылмыстық жауапкершілікке тартуға арналған, алайда шағымдық мерзімдері аяқталған істерге де қатысты.

Үшіншіден, осындай қылмыс құрамы қарастырылмаған мемлекеттер үшін ТЕО-ны орындау міндеттілігі тек мүмкін болар қылмыс түрі сұраныс жіберілген мемлекеттің қылмыстық құқығы әрекет ететін аумақта жасалса ғана туындайды [7, 356]. Қалай болғанда да, өзге ел аумағында жүрген тұлға сол елдің құқықтық тәртібін сыйлауы керек.

Осылайша, бір елдің азаматының бостандығына келесі мемлекеттің құқықтық тәртібі тарапынан араласу мәселесін ТЕО-ны орындау арқылы шешуге болады, алайда түрлі құқықтық тәртіптерде жасалған қылмысқа берілетін жазалар мөлшері әр түрлі болады.

Жалпылай айтқанда, ЕО-ның экстрадициялаудан ТЕО-ға көшуі түрлі деңгейдегі полиция мен соттардың ынтымақтастығы жай ғана сөз жүзінде қалмауына септігін тигізді,

оның нәтижесінде трансұлттық қылмыстардың тиімді алдын алу, ізіне түсу және жазалау мақсатында ішкі экономикалық шекараларды жеңілдету жағдайында қылмыстық-құқықтық шекаралардан кедергісіз өту мүмкін болып отыр. Бұл негізінен өзара мойындау принципі түрінде табылған ерекше формуланың арқасы. ЕО құқықтық жүйесі аясында осы принцип пен адам құқығын қорғау арасында өзара байланыстылық (корриляция) қалыптасты. Бостандық, қауіпсіздік және заңдылық түсініктерінің ортақ кеңістігіне қатыстылығына келсек, оның басты бағдарлары ретінде мүше-елдердің конституциялық-құқықтық нормалары мен Еуропалық адам құқығы туралы конвенциясы (оның негізінде әзірленген сот тәжірибесін қоса) салыстырмалық-құқықтық қарым-қатынаста және керісінше қызмет атқарады. Еуропалық интеграциялық үдерістер әсерінен негізгі құқықтар туралы сәйкесінше ұлттық түсініктер де бейімделіп келе жатқанын байқауға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Кинг Кристиан и Харач, Андреас. Европейское право. 2004. С. 366; ст. 2 Соглашения о Европоле.
2. Договора о Европейском союзе ст. ст. 29.2, 31 а, 2.
3. Вернер, Ингмар. Пределы и возможности Европейского уголовного правосудия. Диссертация университет Майнца. Шейкер Верлаг. Аахен 2002. С. 3.
4. Босс, Мартин, принцип взаимного признания в транснациональной уголовного правосудия ЕС - "Конкурентоспособность" приговоров по уголовным делам,; Момсен, Блуа, Раккоу: Фрагментарный Уголовное право, взносы в УК Законом и Законом, Питер Ланг издания (под ред.) Франкфурт-на-Майне, 2003. С. 233.
5. Хакер, Бернд. Европейский Уголовное право. Зибер 2005. С. 439.
6. Сатзгер, Гельмут. Международное и европейское уголовное право. Ред. 1, Баден-Баден, 2004. С. 138.
7. Глесс, Сабина. О принципе взаимного признания,; Журнал всей науки уголовного правосудия, том 116 (2004) Выпуск 2. С. 356; Дейтерса, Марк. Взаимное признание уголовных законов в Европе,; Журнал правовой политики 2003. С. 360.
8. Виеганд, Томас. Проект, Европейской Конституции и уголовного права,; Журнал всей науки уголовного правосудия, том 116 (2004) Выпуск 2. С. 292.
9. Подробно об особенностях нового механизма, предусмотренного рамочным решением, см.: Сафаров Низами. Экстрадиция в международном уголовном праве. Проблемы теории и практики. М.: Волтерс Клувер, 2005. С. 319 - 340.
10. Син, Арндт унд Вернер, Лиана. Европейский ордер на арест и его реализации в Германии - его конституционности, Законы и текущие события. Международный журнал международного уголовного права 5/2007. С. 204 – 220.
11. Потемкина О.Ю. Европейское пространство свободы, безопасности и правопорядка: границы, содержание, механизмы. М., 2002. С. 22.

ӘӨЖ: 341.44

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ КОНТЕКСТІНДЕГІ ЭКСТРАДИЦИЯ ИНСТИТУТЫ

Тукешова Айнур Сатибековна

atukeshova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультетінің 2-курс магистранты, Астана

Ғылыми жетекші – Ж.Бұсұрманов

Халықаралық-құқықтағы қылмыстылықпен күрестің пәрменді құралдардың бірі экстрадиция институты болып табылады («extradition»).